

**Қаратөбе аудандық мәслихатының 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 52-7 "2021-2023 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 2021 жылғы 31 наурыздағы № 3-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 2 сәуірде № 6931 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қаратөбе аудандық мәслихатының 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 52-7 "2021-2023 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6571 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2020 жылы 30 желтоқсанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. 2021-2023 жылдарға арналған аудандық бюджет 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2021 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 5 558 490 мың теңге:

салықтық түсімдер – 423 602 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 11 342 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 5 841 мың теңге;

трансферттер түсімі – 5 117 705 теңге;

2) шығындар – 5 815 632 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 49 862,5 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 97 612,5 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 47 750 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 307 004,5 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 307 004,5 мың теңге:

қарыздар түсімі – 250 568 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 47 750 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 104 186,5 мың теңге.";

4-тармақта:

1) тармақша келесі редакцияда жазылсын:

"1) республикалық бюджеттен жалпы сомасы – 381 263 мың теңге:

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге – 77 362 мың теңге;

кепілдік берілген әлеуметтік топтамаға – 10 731 мың теңге;

мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға – 1 943 мың теңге;

ымдау тілі маманының қызметін көрсетуге – 574 мың теңге;

техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар тізбесін кеңейтуге – 1 116 мың теңге;

есту қабілетінен айырылған мүгедектерге – 454 мың теңге;

жалақыны ішінара субсидиялауға – 5 405 мың теңге;

жастар практикасына – 41 567 мың теңге;

NEET санатындағы жастарға және табысы аз көпбалалы отбасыларға, табысы аз еңбекке қабілетті мүгедектерге жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін гранттарға – 35 004 мың теңге;

қоғамдық жұмысқа – 64 801 мың теңге;

мемлекеттік халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін жұмыскерлердің жалақысына қосымша ақылар белгілеуге – 7 230 мың теңге ;

мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және архив мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша ақылар белгілеуге – 47 566 мың теңге;

мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін кредит беруге – 87 510 мың теңге.";

3) тармақша келесі редакцияда жазылсын:

"3) облыстық бюджеттен жалпы сомасы – 561 617 мың теңге:

жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беруге – 12 835 мың теңге;

еңбек нарығында сұранысқа ие біліктіліктер мен дағдылар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға – 4 822 мың теңге;

Қаратөбе ауданы Жусандыой ауылының су құбырын қайта жаңарту – 56 094 мың теңге;

Қаратөбе ауданы Қаратөбе ауылы Ә.Тоққожин, Ә.Айтқожин көшелерінің автомобиль жолдарын С.Датұлы және М.Нысанов көше жолдарына тоғысуымен қайта жаңғырту – 163 058 мың теңге;

Қаратөбе ауданы Қаратөбе "Жаңақоныс-1" тұрғын кешенінің 49 жер теліміне газ желілерінің құрылысы – 12 633 мың теңге;

Қаратөбе ауданы Қаратөбе ауылы "Темірауыл-3" тұрғын кешенінің 45 жер теліміне газ желілерінің құрылысы – 8 503 мың теңге;

Қаратөбе ауданы Қаратөбе ауылы "Жаңақоныс" тұрғын кешенінің 50 жер теліміне газ желілерінің құрылысы – 8 376 мың теңге;

"Қаратөбе-Қарақамыс-Қоржын" аудандық маңызы бар автожолды ағымдағы жөндеуге – 150 000 мың теңге;

әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын ұсынуға – 10 000 мың теңге;

газ құбырын бұруды пайдалануға және техникалық қызмет көрсетуге – 135 296 мың теңге.";

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қаратөбе аудандық мәслихат аппаратының басшысы (Ж.Жангазиев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

А. Айтқалиева

К. Суйеугалиев

Қаратөбе аудандық  
мәслихатының  
2021 жылғы 31 наурыздағы  
№ 3-3 шешіміне қосымша  
Қаратөбе аудандық  
мәслихатының  
2020 жылғы 22 желтоқсандағы  
№ 52-7 шешіміне 1-қосымша

## 2021 жылға арналған аудандық бюджет

| Санаты |             |            |                                   |  | Сомасы<br>, мың<br>теңге |
|--------|-------------|------------|-----------------------------------|--|--------------------------|
| Сыныбы |             |            |                                   |  |                          |
|        | Кіші сыныбы |            |                                   |  |                          |
|        |             | Ерекшелігі |                                   |  |                          |
|        |             |            | Атауы                             |  |                          |
|        |             |            | 1) Кірістер                       |  | 5 558 490                |
| 1      |             |            | Салықтық түсімдер                 |  | 423 602                  |
|        | 01          |            | Табыс салығы                      |  | 200 974                  |
|        |             | 2          | Жеке табыс салығы                 |  | 200 974                  |
|        | 03          |            | Әлеуметтік салық                  |  | 211 355                  |
|        |             | 1          | Әлеуметтік салық                  |  | 211 355                  |
|        | 04          |            | Меншікке салынатын салықтар       |  | 8 871                    |
|        |             | 1          | Мүлікке салынатын салықтар        |  | 5 100                    |
|        |             | 3          | Жер салығы                        |  | 871                      |
|        |             | 4          | Көлік құралдарына салынатын салық |  | 2 900                    |
|        |             |            |                                   |  |                          |

|                   |                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |            |                          |
|-------------------|-------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|--------------------------|
| 05                |                                     | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар                                                                                                                                                                                                                                                                             | 1 422      |                          |
|                   | 2                                   | Акциздер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 136        |                          |
|                   | 3                                   | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер                                                                                                                                                                                                                                                                         | 540        |                          |
|                   | 4                                   | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар                                                                                                                                                                                                                                                                           | 746        |                          |
| 08                |                                     | Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер                                                                                                                                                                    | 980        |                          |
|                   | 1                                   | Мемлекеттік баж                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | 980        |                          |
| 2                 |                                     | Салықтық емес түсімдер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | 11 342     |                          |
| 01                |                                     | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | 3 100      |                          |
|                   | 5                                   | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер                                                                                                                                                                                                                                                                                | 3 100      |                          |
| 04                |                                     | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар                                                                                               | 2 400      |                          |
|                   | 1                                   | Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 2 400      |                          |
| 06                |                                     | Басқа да салықтық емес түсімдер                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | 5 842      |                          |
|                   | 1                                   | Басқа да салықтық емес түсімдер                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | 5 842      |                          |
| 3                 |                                     | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | 5 841      |                          |
| 01                |                                     | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату                                                                                                                                                                                                                                                                                 | 4 341      |                          |
|                   | 1                                   | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату                                                                                                                                                                                                                                                                                 | 4 341      |                          |
| 03                |                                     | Жерді және материалдық емес активтерді сату                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | 1 500      |                          |
|                   | 1                                   | Жерді сату                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | 1 500      |                          |
| 4                 |                                     | Трансферттердің түсімдері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | 5 117 705  |                          |
| 02                |                                     | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер                                                                                                                                                                                                                                                                      | 5 117 705  |                          |
|                   | 2                                   | Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | 5 117 705  |                          |
| Функционалдық топ |                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |            | Сомасы<br>, мың<br>теңге |
| Кіші функция      |                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |            |                          |
|                   | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |            |                          |
|                   | Бағдарлама                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |            |                          |
|                   | Атауы                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |            |                          |
|                   |                                     | 2) Шығындар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | 5 815 632  |                          |
| 01                |                                     | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | 2 86 310,6 |                          |
| 1                 |                                     | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар                                                                                                                                                                                                                                                   | 1 58 957,6 |                          |
|                   | 112                                 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты                                                                                                                                                                                                                                                                                      | 39 578     |                          |

|    |     |     |                                                                                                                                                                                                                                  |               |
|----|-----|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|
|    |     | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер                                                                                                                                        | 39 428        |
|    |     | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                                                           | 150           |
|    | 122 |     | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты                                                                                                                                                                               | 1 19<br>379,6 |
|    |     | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер                                                                                                                                            | 1 19<br>379,6 |
| 2  |     |     | Қаржылық қызмет                                                                                                                                                                                                                  | 15 240        |
|    | 459 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі                                                                                                                                                               | 600           |
|    |     | 003 | Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу                                                                                                                                                                                  | 600           |
|    | 805 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік сатып алу бөлімі                                                                                                                                                              | 14 640        |
|    |     | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                                                        | 14 640        |
| 9  |     |     | Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер                                                                                                                                                                                    | 112 113       |
|    | 454 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі                                                                                                                                                  | 19 611        |
|    |     | 001 | Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                                  | 19 611        |
|    | 458 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі                                                                                                       | 22 866        |
|    |     | 001 | Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                 | 16 366        |
|    |     | 013 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                                                           | 6 500         |
|    | 459 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі                                                                                                                                                               | 69 636        |
|    |     | 001 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 22 118        |
|    |     | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер                                                                                                                                                              | 47 318        |
|    |     | 114 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері                                                                                                                                                                 | 200           |
| 02 |     |     | Қорғаныс                                                                                                                                                                                                                         | 30 514        |
|    | 1   |     | Әскери мұқтаждар                                                                                                                                                                                                                 | 6 514         |
|    | 122 |     | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты                                                                                                                                                                               | 6 514         |
|    |     | 005 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар                                                                                                                                                                    | 6 514         |
| 2  |     |     | Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру                                                                                                                                                                               | 24 000        |
|    | 122 |     | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты                                                                                                                                                                               | 24 000        |
|    |     | 006 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою                                                                                                                                      | 7 500         |
|    |     | 007 | Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар                                         | 16 500        |
| 03 |     |     | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі                                                                                                                                                            | 2 000         |
|    | 9   |     | Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер                                                                                                                                                                  | 2 000         |
|    |     |     |                                                                                                                                                                                                                                  |               |

|    |     |                                                                                                                                                                                                                                                               |         |
|----|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|
|    | 458 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі                                                                                                                                    | 2 000   |
|    | 021 | Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету                                                                                                                                                                                                    | 2 000   |
| 06 |     | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру                                                                                                                                                                                                                | 430 647 |
| 1  |     | Әлеуметтік қамсыздандыру                                                                                                                                                                                                                                      | 93 093  |
|    | 451 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі                                                                                                                                                                    | 93 093  |
|    | 005 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек                                                                                                                                                                                                                           | 93 093  |
| 2  |     | Әлеуметтік көмек                                                                                                                                                                                                                                              | 307 227 |
|    | 451 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі                                                                                                                                                                    | 307 227 |
|    | 002 | Жұмыспен қамту бағдарламасы                                                                                                                                                                                                                                   | 169 888 |
|    | 006 | Тұрғын үйге көмек көрсету                                                                                                                                                                                                                                     | 1 650   |
|    | 007 | Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек                                                                                                                                                       | 46 076  |
|    | 010 | Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету                                                                                                                                                                                     | 1 181   |
|    | 014 | Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету                                                                                                                                                                                                              | 38 559  |
|    | 017 | Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну | 11 960  |
|    | 023 | Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету                                                                                                                                                                                                         | 37 913  |
| 9  |     | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер                                                                                                                                                                               | 30 327  |
|    | 451 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі                                                                                                                                                                    | 20 327  |
|    | 001 | Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                        | 17 923  |
|    | 011 | Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу                                                                                                                                                   | 1 288   |
|    | 050 | Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту                                                                                                                                                           | 1 116   |
|    | 458 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі                                                                                                                                    | 10 000  |
|    | 094 | Әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын беру                                                                                                                                                                                                       | 10 000  |
| 07 |     | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық                                                                                                                                                                                                                              | 559 647 |
| 1  |     | Тұрғын үй шаруашылығы                                                                                                                                                                                                                                         | 92 275  |
